



ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

Қор қайырымдылығының қайтарымы көп


Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылдың 11 қаңтарында берген тапсырмасы бойынша құрылған қоғамдық әлеуметтік «Қазақстан халқына» қайырымдылық қорының қолдауымен Теміртау қаласының барлық 30 мектебінде заманауи спорт алаңдары ашылды.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл күнгі салтанатқа облыс әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей, «Қазақстан халқына» қайырымдылық қорының басқарма төрағасы Ләззат Шыңғысбаева, осы қордың Қамқоршылық кеңесінің мүшесі, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Мұрат Әбенов, облыстық білім беру басқармасының басшысы Дулат Жекебаев, Теміртау қаласының әкімі Ғалым Әшімов, оқушылар мен олардың ата-аналары, спортшылар қатысып, олар қаланың №8 және №17 жалпы білім беретін орта мектептерінде, «Балалар технопаркінде» болды.

Жалпы, «Қазақстан халқына» қорының басқарма төрағасы Ләззат Шыңғысбаеваның айтуынша, Қарағанды облысына қордан бөлінген 4 миллиард 700 миллион теңгенің 700 миллион теңгесі медицина мен әлеуметтік, ал, 4 миллиард теңгесі білім беру салаларына бағытталса, соның 2 438 410 195 теңгесі теміртаулық 30 мектепте сол күні ашылған спорт алаңдарын салу мен жабдықтауға жұмсалған екен.

Міне, құрылшылар қаласындағы жалпы білім беретін №8 қазақ орта



Суретті түзген Сергей Балаших

мектебі де осы қатарда. Ол «Қазақстан халқына» қорының екі бірдей жобасы бойынша 110 502 991 теңгеге қаржыландырылып, 2024 жылы «QH – Қарағанды облысының мектептерінде «Білім-инновация» лицейлерінің тәжірибесін енгізу» жобасы аясында ондағы физика, химия, биология пәндерінің кабинеттері зертханалық, интерактивті, компьютерлік жабдықтармен және дидактикалық материалдармен қамтамасыз етілген

көрінеді. Жоба құны – 35 945 869 теңге. Қордың қайырымдылығы нәтижесінде осындай игілікке қол жеткізген жоғарыдағы мектептің директоры Гүлбарам Үсенова келген қонақтарды заманауи үлгіде жарактандырылған осынау пән кабинеттерінің жұмысымен таныстырып, бұдан кейін сыртта салынған жана спорт алаңының ашылу салтанатына кезек келді.

Биыл құны 74 557 112 теңге бола-

тын «QH – Теміртау қаласының білім беру ұйымдары оқушыларының дене шынығуын дамыту» жобасын жүзеге асыру барысында мектеп аумағында футбол алаңы, 2/1 үлгісіндегі (волейбол/баскетбол) спорт алаңы, секіру аймағы және екі аймақтан тұратын алаң: көше тренажерлары мен воркаут кешені бой түзепті.

► 2-бет

• ЖАҒЫМДЫ ЖАҒАЛЫҚ

Автокөлікті алғашқы жарнасыз аласыз

1 желтоқсанныан бастап елімізде автолизинг бағдарламасы ресми түрде іске қосылды. Жаңа жүйенің ерекшелігі – автокөлікті алғашқы жарнасыз және несиесіз, бірақ ұзақ мерзімге жалға алу мүмкіндігі қарастырылған.

Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі лизинг бойынша жылдық шекті мөлшерлемені 36%-ға дейін төмендетті. Бұған дейін бұл көрсеткіш 45%-ға дейін жететін. Бағдарламаның басты мақсаты – автокөлік сатып алуды барынша қолжетімді ету.

Мәжіліс депутаты Олжас Құспеков лизингтің артықшылығын былай түсіндірді:

– Лизинг – автомобильді ұзақ мерзімге жалға алып, мерзімі аяқталған соң оны толық сатып алуға мүмкіндік беретін құрал. Автонесненден басты айырмашылығы – сатып алушы көлікті пайдалану кезеңіндегі амортизациясына төлейді, сондықтан жарнасы мен ай сайынғы төлемі арзанырақ шығады. АҚШ-та адамдар екі-үш жыл лизингке алған көлігін пайдаланып, кейін жана көлікке ауыстырады. Ең басты қауіп – лизингке көлік берген кәсіпорын банкротқа ұшыраса, адам көліктен айырылып қалуы мүмкін, – деді депутат.

Келісімшарт мерзімі аяқталғанда тұтынушыға үш түрлі таңдау беріледі:

1. Көлікті толық сатып алу – барлық төлемдер жасалғаннан кейін автомобиль сіздің меншігіңізге өтеді.

2. Көлікті қайтару – мерзім аяқталған соң автокөлікті лизинг берушіге тапсыруға болады.

3. Жаңасына ауыстыру – пайдаланылған көлікті өткізіп, оның орнына жаңа автокөлікті лизинг арқылы рәсімдеу мүмкіндігі бар.

Жаңа автолизинг жүйесі халық үшін көлікке қолжетімділікті арттырып, нарықтағы бәсекені күшейтеді деп күтілуде.

Өз тілшімізден

БАСПАСӨЗ-2026

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2026 жылға жазылу жүріп жатыр. Газетке жазылу «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ, Ермеков көшесі, 33 үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімдей аласыздар

Газетке 6 айға және 1 жылға жазылуға болады

Санаттар	Жеткізусіз (теңге) 12 айға	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	14 500	6 ай 13 770,14 12 ай 27 540,28	10 141,30 20 282,60
Жеке жазылулар үшін	6 000	6 ай 6 141,30 12 ай 12 282,60	5 891,30 11 782,60

Женілдікті тарифтер 25 қазаннан 25 қарашаға дейін (жылдық жазылым)

Санаттар	Жеткізусіз (теңге) 12 айға	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	10 500	23 540,28	15 782,60
Жеке жазылулар үшін	4 800	11 082,600	10 682,60

Анықтама телефоны: 41-26-85, 8-702-638-56-85, 8-705-902-04-05.

E-mail: otadel.pochtovyy@bk.ru



Каспий QR
арқылы жазылуға болады

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!
«Ortalyq Qazaqstan» газеті редакциясында баспа бағасы бойынша (жеткізу қызметтерінің құнысыз) балама жазылу жүргізіледі.

• ТАБИҒАТ ТЫЛСЫМЫ

Жұмбақ жылымық

Ақырапта ақырын жер сүйтін еді. Қауыста қар қылаңытатын. Жәдіде жел кәріне мінетін-ді. Желтоқсанның бас шені. Тысқа шықтық. Бозқыр. Ауа құрғақ, күндіз +6 °С. Аспаннан андағайламақ түгілі, бір түйір қар жоқ. Шөп «күйіп» кеткенімен, жусаған жылқының қарасы қылаңытады. Қазан, тіпті, келмегендей де. Такси жүргізушісі, Болат, қалыңдау күртесін шешіп, самалдап тұр.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Соңғы 45 жылда мұндайды көрмеппін. Былтыр дәл осы уақытта шалғайда шаш етекпен қар жатқан. Биыл... күн «жымындап» тұр. Жұт түсе ме деп қорқам, – деді, «жұт» деген сөзге келгенде сыбырлай.

Биылдықтың қарашасында Қарағандыдағы орташа температура 0,0 °С болды. Әдепкі қалыбы бойынша –5,0 °С болуы тиіс-тін. +4,6 °С ауытқу бардай. Әсілі, кездейсоқтық емес. Сырыңдаланған жүйелі құбылыс ретіндегі реңк. «Қазгидромет» өкілдері қазан айында-ақ ескерткен. «Биылғы қыс жылы өтеді, «температуралық тербелістер» болмақ», – деп. Болжам бұрынырақ келді.

Қарқаралы ауданына қарасты байырғы Ақбұлақ бөлімше шаруасы Қабыл ағада да дегбір жоқ.

– Шөп жидық, шүкір. Бірақ, ендігі қар түспесе, жылқы малына обал-дағы. Еріген қар жерге сіңсе, ерімегені тоңмұз болған. Оған бауырлаған бие біткен құлын тастайды. Ал, осы шақта қар асамаған жылқы көтерілмейді, – деді Қабыл. – Содан



Суреттер ЖД

кейін қарсыз-ақ сойылмен ұрғандай етіп аяз соқса, мал әлсірейді, құлай бастайды. Құдай бетін ары қылын!

Қабыл аға үрейшіл емес. Тек өмірден үйренгені бар. Қырдағы әңгіме ауаны секем алған суретпен тәмамдалған. Күнделікті таң атысымен гисметеоға селқос қарайтын әдетімізден бұл жолы да ұзамадық. Жылы деп жылмайып тұр қолдағы «түрікқулақ» экраны.

Шаһарға оралған соң қолға телефон тұтқасын алып, «Қазгидрометке» қонырау шалдық. Кезекші синоптик маманы:

2025 жылдың қарашасы бақылау тарихындағы ең жылы бес айдың қатарына кірді, – деді сабырлы қалпынан айнымай, ресми түрде жауап

ката отырып. – Себебі бірнешеу – Батыс Сібір тұстағы қуатты бөгесін антициклон әрі оңтүстік-батыстан ескен тұрақты жылы ауа ағыны. Орталық Қазақстанда қар қалыптасуы қатты кешеуілдеп жатыр. Алдын ала есеп бойынша, қар тек желтоқсанның екінші онкүндігінде, кей жерлерде, тіпті, қаңтарда ғана бекиді.

Қазақшаласак, жұт деп айтуға ауыз бармайды. Бірақ, жұтқап күйіп-анық. Тағы сұрақ. Тағы жауап.

Желтоқсанның алғашқы онкүндігінің соңында-ақ суық басталуы кәдік: түнде –23...–28 °С-қа дейін қарып, күндіз де –13...–18 °С шамасында ызғар сезіледі. Температуралық құбылмалы рай Қарағандының талай қысына тән көрінісі. Биылғысы да бұл дәстүр-

ден жаңылмайтынын байқатып тұр. Айдың екінші және үшінші онкүндіктерінде түнгі ауа райы көбіне –15...–20 °С шамасында тербелсе, кей күндері –5...–10 °С-қа дейін жұмсарады. Облыстың шығыс тұсы – Қарқаралы, Ақтоғай және көршілес аудандар кей тәуліктерде аязды шындап сезінбек: мұнда сынап бағанасы –25...–35 °С-қа дейін төмендеуі ықтимал. Ал, батыс пен оңтүстік аймақтар Бұқар жырау, Шет, Балқаш маңы желтоқсанды, тіпті, көктемше қарсы алуы ғажап емес: ай басында +5...+10 °С-қа дейін жылытып қоюы мүмкін. Бірақ, бұл да ұзаққа созылмайды. Кейін ауа райы қатадан қыстың қалыпты арнасына түседі. Егер аяз күрт түсіп, қар аз жауса, жалпылай өңірдегі ахуал турасын қосымша баяндаймыз, – деп қайырды синоптик маман.

Бейіс Ысқақнәби – жауырыншы-жұлдызшы. Түн қатып жұлдыз қарайтын ол, осы жолы да бұлтсыз аспанға ұзағырақ телмірді.

– Жұлдыздың жатысы мазасыз, – деді ол ишара жасап. – Бәрін Жаратқан анық білуші, ақыры қайырлы болсын. Әлі есімде. Аңғарып тұрмын. Қаңтарға дейін жұмбақ жылымық жалғасады. Содан кейін бір боран, бір аяз болмақ. Мұндайды мен 1984 жылы да көрдім. 2011-де де дәл осылай. Биыл ақпан мен наурыз айлары әдеттегіден жылырақ өтеді.

Мал үйге жақын жүрсін. Шөпті бекер шашпаңдар. Жұлдыз өтірік айтпайды, – деді Ысқақ аға.

Әлбетте, құзырлы органдар тараптары мониторинг амалдарын күшейткен. Ең қауіпті аудандарда шөп қоры жинақталған. Ветеринарлық бригадалар даяр. Дегенмен, «Сақтықта қорлық жоқ».

Түн ортасында тысқа тұман түсіпті.

Ертеңге бүгіннен қамданамыз

Апта басындағы аппарат жиынында аймақтың тыныс-тіршілігін таразылаған облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев биылғы тосын ауа райы мен құбылмалы климатқа қарамастан, ауыл шаруашылығы саласы айтарлықтай оң нәтижелерге қол жеткізгенін атап өтті. Табиғаттың бұқпантайлақ мінезі талай өңірді әбiрге салғанымен, диқандар мен шаруалардың маусым бойғы тындырымды еңбегі ақталып, негізгі көрсеткіштер орындалған.



Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Маңызды жиында алғашқылардың бірі болып сөз алған облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы Ануар Тюлюбеков биылғы егін орағы облыс аумағында толықтай аяқталғанын мәлімдеді. Оның айтуынша, орақ науқанына үш мыңға жуық техника тартылып, әр қыр қаһарманының күні-түні дамылсыз еңбегінің арқасында науқан уақытылы сәтті тәмамдалған. Басқарма басшысы енді негізгі міндет – келер жылдың қамын ерте ойлау екенін жеткізді. Қазірдің өзінде тыңайтқыш сатып алуға байланысты ұзақмерзімді келісімшарттар жасалып, шаруалардың жаңа маусымға дайындық жұмыстары жүйелі жүргізілуде. Агросектордың қолдау бағытында да елеулі қадамдар жасалған. Биыл 250 қыр шаруашылығы қаржыландырылып, шаруаларға жалпы сомасы 3 млрд теңге болатын 37 несие рәсімделген. 546 астық қоймасы даяр. Көшелі көрсеткіштер бар.

– Қыстаулардың барлығы балама энергия көздерімен қамтамасыз етілді. Ауа райының қазіргі



күрт өзгеруіне байланысты жедел штаб тәулік бойы жұмыс істеп жатыр. Бұқара халыққа түсіндіру жұмыстары жүргізілуде. Мал азығы толықтай жиналып, мал басын қолмен сугару ісі жүйеленді, – деді сала басшысы өз сөзінде.

Жалпы алғанда, биылғы көрсеткіштер аграрлық саланың сыртқы факторларға тәуелсіз түрде тұрақтылыққа ұмтылуын, алдағы жылдары жүйелі дайындықты күшейту арқылы өндірістік циклді қауіпсіздендіру ниетін көрсетіп отыр. Жиын барысында айтылған деректер аймақтың ауыл шару-

ашылығы саласы қиындыққа мойымағанын, уақыт талабына сай бейімделіп, алдағы маусымға да тыңғылықты дайындықпен қадам басып отырғанын көрсетті. Бірқатар аудан әкімдері де аталған бағыттағы жұмыс барысы бақылауда екендігін қоса жеткізді.

Жиынды түйіндеген облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының өкілдеріне, аудан әкімдіктері мен құзыретті департаменттер тарабына алдағы жылға тыңғылықты



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

дайындықты бүгіннен бастап қолға алу қажеттігін ескертті.

– Ең алдымен, 2026 жылға арналған тұқым қорын толықтыру мен оның сапасын тексеру амалдарының қарқыны бәсеңдемеуі тиіс. Мамандар әр дәннің сапасы ертеңгі егіннің тағдырын шешетінін жақсы біледі. Сол себепті, зертханаларда тексерілген тұқым ғана көктемгі науқанға жіберілімек. Сонымен бірге, ауыл шаруашылығы дақылдарының жалпы жиын көрсеткіштері статистика органдарына жүйелі түрде ұсынылып, ортақ қорытынды жасалу қажет. Ендігі егіс науқанына қажетті арнайы техниканың жарактануы біртіндеп пысықталып, үздіксіз жұмыс жалғасқаны абзал, – деп баса белгіледі аймақ басшысы Ермағанбет Қабыдулаұлы.

Бүгінде қажетті дизель отынының көлеміне өтінімдер жолданып, шаруалардың көктем-күзгі дала жұмыстары үздіксіз жүруі үшін барлық жағдай қарастырылуда. Ал, қытымыр қыс айлары – малшы қауым үшін сындарлы шақ. Осыған орай, аудан әкімдіктері мал қыстау маусымын қауіпсіз өткізуге, сондай-ақ, төл алу науқанын сапалы ұйымдастыруға арналған іс-шараларды алдын ала бекітіп іске кіріспек. Қора-қопсыны дайын ету, жем-шөп қорын жеткілікті жинау, ветеринарлық қызметті күшейту – барлығы да төрт түліктің аман шығуы үшін жасалып жатқан қам-қарекет.

Іә, ала таңмен таласа тұрған диқанның табанды тірлігі, қыстың қыспағына қарсы тұрар малшы еңбегі – сайын даланың байырғыдан келе жатқан сүйікті ісі. Аппарат жиынында айтылған әрбір тапсырма мен жоспар күн сайын еңсесін тіктеп, ертеңіне үмітпен қараған мыңдаған ауыл еңбеккерінің тағдырына тікелей қатысты. Бүгінгі әзірлік – ертеңгі молшылықтың кепілі. Айтылған әр ұсыныс, жүктелген әр міндет – облыстың аграрлық әлеуетін жаңа биікке шығарар баспалдақ. Бәрі де бір максатқа тоғысалы: жердің ырзығын еселеп, елдің ырысын молайту.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ДЕНСАУЛЫҚ

Инновация игілігі

№2 көпсалалы ауруханада жүрекшелердің фибрилляциясын емдеуге арналған инновациялық тәсіл – жүрекшілік ультрадыбыстық датчик көмегімен абляция жасау басталды. Жуырда өткен алғашқы шеберлік сабағы мамандарға жаңа технологияның артықшылықтарын іс жүзінде көрсетуге мүмкіндік берді.



Сурет облыс әкімінің сайтынан

Жәлел ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»

Бұған дейін мұндай оталар тек рентген-навигация арқылы орындалып, наукас пен дәрігер айтарлықтай сәуеленуге ұшырайтын. Ал, жаңа жабдық рентгенсіз жұмыс істеуге жағдай жасап, қауіпсіздікті едәуір арттырады. Жүрек қуысының ішінен алынған нақты кескін жоғары дәлдікке қол жеткізіп, абляцияны анағұрлым қауіпсіз әрі нәтижелі етеді.

Шеберлік сабағын Новосібірден арнайы шақырылған, аритмияны катетерлік емдеу және Zero-fluoro технологиясы бойынша жетекші сарапшы Илья Стенин өткізді. Маман бұл әдістің әлем медицинасында қарқынды дамып келе жатқанын айрықша атап өтті.

– Инновацияның мәні – жүрек қуысына тікелей енгізілетін ультрадыбыстық датчиктің арқасында біз жүректі нақты уақыт режимінде көре аламыз. Датчик өте шағын – диаметрі шамамен 5 мм ғана – және жоғары дәлдіктегі визу-

ализация береді. Мұндай отадан кейін науқастардың басым бөлігінде аритмия жойылып, олар қалыпты өмірге қайта орала алады, – деді №2 көпсалалы аурухананың аритмолог-хирургі Нұрлан Елемесов.

Отаның ең маңызды ерекшелігі – оның міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру аясында тегін жүргізілуі. Қазіргі таңда кезек күту мерзімі 1-2 айды құрайды. Мамандардың айтуынша, Қарағанды тұрғындарының 2-3 пайызы жүрекшелер фибрилляциясы салдарынан аритмиямен ауырады. Жаңа технология дәл осы пациенттердің көпшілігіне саулығын қалпына келтіруге мүмкіндік береді.

Жүрек ауруларын емдеуде жаңа кезең ашқан бұл әдіс медицинасының дамуына тың серпін беріп, қарағандылықтарға сапалы әрі қауіпсіз медициналық көмекті қолжетімді етіп отырғанын атап өткен жөн.

• ӨҢІРЛЕРДІ ДАМУ

Жаңғырған желінің жарығы

Шет ауданында жылдар бойы қордаланған маңызды мәселенің түйіні тарқатыла бастады. 20 жылдан астам уақыт бойы «Шет-Энерго» компаниясының қарамағында болған жергілікті электр желілерінің тозу деңгейі 90 пайыздан асып, тұрғындар үнемі жарықтың жиі сөніп қалуынан зардап шегіп келген еді...

Жәлел ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»

Компанияның жөндеу мен жаңғыртуға инвестиция салмауы да жағдайды ушықтыра түскен болатын.

Қазір аудан билігі энергиялық инфрақұрылымды түбегейлі жаңартуға кіріскен. Бюджет қаражаты есебінен қосалқы стансалар мен электр желілерінде ауқымды жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары басталып, жылдар бойғы күрделі ахуал шешімін таба бастады.

Осыған орай «Шет-Энерго» ЖШС-нің барлық мүлкі мен жер учаскелері Шет ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, көлік және автомобиль жолдары бөліміне берілді. Компания иесіне тәуелсіз бағалау нәтижесі бойынша өтемақы толық көлемде төленген. Бұл қадам инфрақұрылымды мемлекеттік бақылауға өткізіп, ақауларды жүйелі түрде жөндеуге жол ашты.

Аудан әкімдігі жоспарлы жұмысты кезең-кезеңімен жүзеге асыруда. Шет ауданы әкімінің орынбасары Қайырғали Садықов атқарылған істер жөніндегі ақпаратпен бөлісті.

– 25 кешенді трансформа-

торлық қосалқы станса толық ауыстырылды. Электрмен жабдықтау сызбасы бұзылғандықтан, оны қайта қалпына келтіру жұмыстары жүріп жатыр. Одан бөлек, 31 айырғыш орнатылып, 2,5 шақырым жаңа желі тартылды. Сонымен қатар, жоғары кернеулі қосалқы стансалардағы релейлік қорғаныс жүйесі қалпына келтірілді. Атқарылатын жұмыс әлі де аз емес, дегенмен алғашқы оң нәтижелер көріне бастады, – деп атап өтті әкім орынбасары.

Энергиялық инфрақұрылымды қалпына келтіру шаралары жалғасып жатыр. Алдағы уақытта электр желілерін конкүретық негізде сенімгерлік басқаруға беру жоспарланған. Бұл – қызмет сапасын арттырып, тұрғындарды тұрақты әрі үздіксіз жарықпен қамтамасыз етуге бағытталған кезекті қадам.

Шет ауданында басталған кең ауқымды жұмыс өңірдің энергетикалық қауіпсіздігін нығайтып, халықтың тұрмыс сапасын жақсартуға жол ашатыны анық.

Шет ауданы

Қор қайырымдылығының қайтарымы көп

(Соңы. Басы 1-бетте)

Сонымен қатар, 2025 жылдың жазында «Қазақстан халқына» қорының көмегімен қаладағы «Балалар технопаркi» ұйымы да заманауи кабинеттермен жабдықталған. Оның ішінде 10 оқу шеберханасы мен зертханалары: «Жасыл мектеп», «Жасанды интеллект» зертханасы, роботтехника және пилотсыз көлік зертханасы, бастапқы техникалық модельдеу, кеме үлгілеу, автоүлгілеу шеберханалары және телестудия кабинеттері бар. Бұл жобаның құны – 221 505 472 теңге.

Бұдан бөлек қаланың №4, №10, №17, №27 және №29 мектептеріне сыйлық ретінде хоккей корттары орнатылған.

Теміртау мектептерінің спорт алаңдарын салу жобасының ұйымдастырушысы және жетекшісі – «Батыр боламын» қоғамдық қоры. Олар 24 мың оқушыны қамтитын болады.

Біз айтқан №8 мектептің спорт алаңын ашу салтанатында сөйлеген сөзінде облыс әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей: – Президентіміз әрбір сөйлеген сөзінде елімізде адами капиталды қалыптастырып, дамытуды үнемі айтады. Сондықтан, «Қазақстан халқына» қорының теміртаулық оқушыларға жасаған бұл қайырымдылығының арқасында қала мектептерінен жан-жақты білімді, спортпен шыныққан жеткіншектердің түлеп ұшарына сенім мол, – деді.

Спорт кешенінің лентасын Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, қордың Қамқоршылық кеңесінің мүшесі Мұрат Әбеннов пен Қамқоршылық кеңесі төрағасының орынбасары, дипломатиялық қызметтің еңбек



сіңірген қызметкері Гаухар Бейсева және осы мектептің 10-сынып оқушысы Арысұлан Қожамұратов киып, оның құрметіне зейнеткер ұстаздар Жұмабала Сәденова мен Фарида Мақұлбаева шашу шашты.

Осынау іс-шараға арнайы келген банкер, мектеп түлегі, қаратә спорттыан Әлем чемпионы, Қара белбеу иегері Нұрсұлтан Қожамұратов өз шәкірттерімен өнер көрсетіп, Гүлсінай Мұратова «Сарыжайлау» әнін шырқады.

Келесі №17-мектепте «Қазақстан халқына» қорынан 142 858 667 теңге қаржылай қолдау көріп, жоғарыдағыдай пән каби-

неттерін жабдықтап, спорт алаңының салынуына қол жеткізген.

Ал, «Балалар технопаркінде» жұмыс істеп тұрған 6 үйірмеге жаңа құрал-жабдықтар сатып әперіліп, инженерлік бағытта тағы да 4 үйірме ашылып, оған қажет мамандарды оқытылған. Бұған қосымша қор осындағы тірек мектебі мен ерекше балаларға арналған мектеп-интернатқа да құрал-жабдықтар сатып алу мен оларға бейімделген спорт алаңын салуға қол ұшын созған.

Әлбетте, қандай да бір қайырымдылықтың қайтарымы бар десек, «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының Теміртау ка-

ласының мектептеріне жасаған жақсылығының арқасында мұнда білім сапасы да өткен жылмен салыстырғанда 3,1 пайыз артып, 56,9 пайызды құраған. 2024-2025 оқу жылының түлектері арасында 28 оқушы «Алтын белгі» иегері (өткен жылы – 20 оқушы) атанып, 52 оқушы үздік аттестат алған. Ұлттық бірыңғай тестілеуге 927 түлек қатысып, олардың 201-і мемлекеттік грантты жеңіп алып, соның ішінде техникалық мамандықтарға оқуға түскендер де бар.

ТЕМІРТАУ

Сурет ұйымдастырушылардан

• КОНФЕРЕНЦИЯ

Еңбек гигиенасының екінші тынысы

Қарағанды қаласында «Жұмыс істейтін халықтың денсаулығын басқарудың инновациялық технологиялары: көпсалалы тәсілдер» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті. Бұл шара Еңбек гигиенасы және кәсіби аурулар ұлттық орталығының бастамасымен ұйымдастырылып, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі мен Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің қолдауымен ұйымдастырылды.

Жамал СОВЕТКЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Конференцияға Қазақстанның барлық өңірлерінен келген мамандармен қатар Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан және Өзербайжан елдерінің еңбекті қорғау және еңбек гигиенасы саласындағы жетекші ғалымдары қатысты. Бұл жиын аймақтағы кәсіби патология мәселелерін талқылауға, халықаралық тәжірибе алмасуға және жұмыс істейтін халықтың денсаулығын жақсарту бағытында жаңа ғылыми шешімдерді ұсынуға бағытталды. Конференция жұмысын Еңбек гигиенасы және кәсіби аурулар ұлттық орталығының Басқарма төрағасы – директоры, медицина ғылымдарының докторы Ертай Отаров ашты. Ұлттық орталықтың деректеріне сәйкес, елімізде зиянды және қауіпті еңбек жағдайында жұмыс істейтін 491 мыңнан астам адам бар. Өндірістік факторлардың әсеріне байланысты тыныс алу жүйесінің созылмалы аурулары, вибрациялық синдром, есту қабілетінің төмендеуі, тірек-қимыл аппараты аурулары жиі тіркелетін кәсіби патология түрлері саналады.

Конференция барысында Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Виктория Шегай сөз сөйледі:

– Қазіргі таңда Қазақстанда 740 мыңнан астам мүгедектігі бар азамат тұрады. Олардың шамамен 15 мыңында мүгедектік кәсіби аурулар мен еңбек жарақаттарының салдарынан пайда болған. Қазақстандағы кәсіби аурулар бойынша жүргізілген статисти-



ка омыртқа мен өкпе ауруларының, вибрациялық патологияның және есту қабілетінің төмендеуінің кең таралғанын көрсетеді. Жұмыс істейтін халықты әлеуметтік қорғау жүйесі көп деңгейлі құрылымға негізделген және қаржыландыру көздері бойынша әртараптандырылған. Мемлекет, жұмыс беруші және жұмыскер арасындағы әлеуметтік әріптестік тек әлеуметтік қорғау жүйесінің ғана емес, еңбек қауіпсіздігін басқарудың да іргетасы. Осыған орай профилактикалық шараларды цифрлық әрі жекелендірілген деңгейге шығарып, оны үздіксіз жүргізу міндеті тұр. Заманауи технологиялық өзгерістердің ішінде үш негізгі бағыт ерекше көзге түседі. Біріншісі – цифрлық диагностика мен мониторинг. Денеге тағылатын сенсорлар, мобильді қосымшалар мен телемедицина жүйелері адамның денсаулық көрсеткіштерін нақты уақыт режимінде бақылауға мүмкіндік береді. Екіншісі – жасанды интелект және үлкен деректерді талдау. Бұл технологиялар клиникалық бақылаумен байқала бермейтін заңдылықтарды анықтап, кәсіби аурулардың алдын ала болжамын жасауға, еңбек жағдайының денсаулыққа әсерін бағалауға негіз береді. Үшіншісі – виртуалды жаттықтырушылар мен денсау-

лыққа қолдау көрсететін цифрлық платформалар. Мұндай жүйелер жұмыскерлерге өз денсаулығына жайлы әрі қолжетімді түрде қамқор болуға мүмкіндік береді. – деді Виктория Шегай.

Денсаулықты тиімді басқару медицина, психология, қауіпсіздік инженериясы, цифрлық технологиялар және HR салаларының бірлескен жұмысын талап етеді.

Конференция аясында еңбек гигиенасы, кәсіби патология, токсикология, биомониторинг, медициналық экология және өндірістік тәуекелдерді бағалау бағыттары бойынша ондаған ғылыми баяндама ұсынылды. Халықаралық сарапшылар өз зерттеулерінің нәтижелерін бөлісіп, жаңа клиникалық әдістемелер мен цифрлық шешімдердің тиімділігін дәлелдейтін деректерді ұсынды.

– Мен Академик Измеров атындағы Еңбек медицинасы ғылыми-зерттеу институтын таныстырамын. Бұл – әлемдегі кәсіби денсаулықты сақтау бағытында жұмыс істейтін ең көне әрі жетекші ғылыми орталықтардың бірі. Мұндай жоғары деңгейде, кәсіби түрде ұйымдастырылған конференцияға қатысу – үлкен жауапкершілік. Бұл басқосу мазмұнды баяндамалармен, жаңа таныстықтармен, тың бағыттармен жалғасып, жоғары деңгейде

өтеді деп сенемін. Соңғы он-он бес жылда посткеңестік кеңестікте ғылымды біріктіру үрдісі қайта жанданып келеді. 1990 жылдары және 2000-жылдардың басында әр ел, әр ғылыми орталық өз бетінше дамуға тырысты. Әр мекеменің өз тәжірибесі, өз зерттеулері, өз әдістемесі бар. Бір орталықта бар ғылыми жаңалық екіншісінде болмауы мүмкін. Сол себепті тәжірибе алмасу, бірлесіп зерттеу жүргізу біз үшін өте құнды, – деді Ресей Федерациясынан келген делегация атынан медицина ғылымдарының докторы, академик Измеров атындағы Еңбек медицинасы ғылыми-зерттеу институтының халықаралық ынтымақтастық және ақпараттық саясат бөлімінің менгерушісі Евгений Шиган.

Еңбек гигиенасы және кәсіптік аурулар ұлттық орталығының дамуына елеулі үлес қосқан бірқатар ғалымға «Құрметті профессор» атағы берілді. Бұл мәртебе еңбек гигиенасы мен еңбек медицинасын жетілдіру жолындағы ұзақ жылғы еңбегі, орталықтың ғылыми-тәжірибелік қызметін нығайтуға қосқан үлесі және жұмыс істейтін халықтың денсаулығын сақтауға бағытталған мақсаттарға берік ұстанымы үшін табысталды.

Суретті түсірген Александр МАРЧЕНКО



дегі 65 жоба болса, 15 желтоқсанда өткізілетін қайталама конкурстан кейін жайылым тапшылығы азая түседі.

Бұл қызметті іске асыру барысында аудандық жер қатынастары бөлімі 2020-2024 жылдары ауылшаруашылық мақсатындағы 216 жер телімін шаруа қожалықтарын жүргізу үшін беруге байланысты 24 конкурс ұйымдастырып, өткізген екен. Қазақстан Республикасы Жер Кодексінің 20-бабының 43-1 тармағына сәйкес жер телімін уақытша (жалға) пайдалануға жасалынған келісімшарт нәтижелері бойынша шаруа қожалығын немесе фермерлік шаруашылықты жүргізуге берілген ауылшаруашылық мақсатындағы жерлердің пайдаланылуына, соның ішінде конкурс жеңімпаздарының өздері қабылдаған міндеттемелерін орындауына мониторинг жасалынатын көрінеді. Бірақ белгіленген талаптарға қарамастан, алған жерлерін мақсатты пайдаланбай, бизнес-жоспарына сәйкес міндеттемелерін орындауға немқетті қарағандар кездессе, олардың жер пайдалану құқықтары тоқтатылып, қайтадан мемлекет меншігіне алынады.

Бұқар жырау аудандық жер қатынастары бөлімінің басшысы Нұрдаулет Мәзов енді аудан бойынша ауылдық округтер әкімдерімен бірлескен түрде жер телімдерін алып, пайдаланушылардың соңғы 5 жылда өздері қабылдаған міндеттемелерін орындауына тексеріс жасап, бақылау мен қадағалауды күшейту жөніндегі жұмысты жалғастыра беретіндерін мәлімдейді.

Бұқар жырау ауданы

Бисембай Ерғалиұлы КОЛУМБАЕВ

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті ұжымы үшін аса ауыр әрі орны толмас қаза. Ғылымға, білімге және жас ұрпақты тәрбиелеуге бүкіл ғұмырын арнаған қадірлі әріптесіміз, философия және психология факультетінің негізін қалаушы, философия ғылымдарының докторы, профессор – Бисембай Ерғалиұлы Колумбаев дүниеден озды.



Бисембай Ерғалиұлының бүкіл саналы өмірі Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетімен тығыз байланысты болды. Ол бірнеше онжылдық бойы қазақстандық философияның дамуына, философиялық ойлау мәдениетінің қалыптасуына өлшеусіз үлес қосты. Адам болмысы, руханият, уақыт пен кеңестік, мәдениет пен өркениет туралы терең пайымдары қазақ ғылымының інжу-маржанына айналды. «Хроно-топос человека», «Третий человек», «К творчеству...!?!», «Антроподицея» сынды еңбектері – оның ғылыми мұрасының биік шыңы, талай буын ғалым мен ізденушіге жол көрсеткен құнды дүниелер.

Бисембай Ерғалиұлы тек ғалым ғана емес, шынайы Ұстаз болды. Ол студенттерге философияны құр үйреткен жоқ – ойлануға, сұрақ қоюға, дүниені тереңірек түсінуге жетеледі. Бакалавриаттан магистратураға дейінгі жүздеген түлек оның ақыл-парасатын, ұстаздық мейірімін, адами жылулығын жүректерінде сақтап келеді.

Оның өмірлік ұстанымы – адамды ең алдымен рухани болмыс ретінде тану, оның қадір-қасиетін қорғау – біздің бәріміз үшін үлгі. Қадірлі ұстазымыздың тұлғасы, қалдырған ілімі мен мол мұрасы университет қауымдастығының жадында мәңгі сақталады.

Марқұмның отбасы мен жақындарына қайғырып көңіл айтамыз. Қайғысына ортақтасып, туған-туыс пен ағайынға сабыр тілейміз.

Жатқан жері жайлы, нұрлы болсын!

Академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарҰЗҰ ұжымы

Д



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

Жаманнан жирен...

Қазіргі қоғамда лудомания, яғни құмар ойынға тәуелділік, жастар арасында белең алып, әлеуметтік кеселге айналды. Мұның алдын алу мақсатында «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасына сай Қарағандыдағы Сізәмия Саттаров атындағы мектеп-лицейде «Лудомания – ғасыр дерті» атты кең ауқымды профилактикалық кездесу өтті. 8-10-сынып оқушылары мен ата-аналарды, сала мамандарын қамтыған бұл шарада жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу, қауіпсіз орта қалыптастыру және жастарға лудоманияның зияны туралы мәселелер талқыланды.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Кездесуге Оңтүстік-Шығыс полиция бөлімінің қызметкерлері, Қарағанды қаласының ішкі саясат бөлімі мамандары, Ішкі істер органдарының ардагерлер кеңесінің мүшелері, қалалық білім бөлімінің әдіскерлері, сондай-ақ, мектеп әкімшілігі мен ата-аналар комитетінің өкілдері қатысты. Түрлі сала мамандары бас қосқан жиында тақырыптың мән-маңызы ашылып, лудоманияның әлеуметтік, психологиялық және құқықтық салдары жан-жақты талқыланды.

Қатысушыларға лудоманияның қаншалықты қауіпті екені ақпараттық бейнероликтерде көрсетілді. Балалардың назарын аударған бейнематериалдарда құмар ойыннан туындайтын, тәуелділікке бастайтын қауіп-қатерлер айтылды.

Жиын барысында қала ардагерлері өмірлік тәжірибесіне сүйенген пікірлерін ортаға салып, жас буынға терең ой тастады. Қарағанды қаласының ардагерлер кеңесінің төрағасы Өзбек Бимендин мен ардагерлер кеңесінің мүшесі Алпысбай Боранбаев лудоманияның қоғамға әкелетін зиянын нақты мысалдармен көрсетті. Бұрынғы буынның өмірлік тәжірибесіне тоқталып, дәстүрлі ойындардың тәрбиелік мәніне үңілді. Сондай-ақ, бүгінгі лудоманияның соңы өкінішке әкелетінін

жастарға ұқтырып, «Нағыз ойын – ақша ұту емес, өмірді ұту» деп қорытындылады.

Сонымен қоса, аталған шарада ювеналды полиция инспекторы Айдана Шаймерденова сөз сөйлеп, ойын бизнесіне араласқан жасөспірімдер де заң жүзінде жауапкершілікке тартылатынын атап өтті. Онлайн-букмекер, жасырын ойын платформалары туралы түсінік берді.

Оқушылар өздерін қызықтырған сауалға мамандардан толыққанды жауап алды. Ардагерлер мен тәртіп сақшылары өмірлік тәжірибелерімен бөлісіп, жасөспірімдерге дұрыс таңдау жасаудың маңызын атап өтті.

Іс-шара соңында оқушылардың арнайы дайындаған шағын концерттік бағдарламалары ұсынылып, қатысушыларға тамаша көңіл күй сыйлады. Бұл шара өзіндік мән-мазмұнынан бөлек, мектеп оқушыларының шығармашылық әлеуетін танытқан, жылы атмосфераға толы кездесу болды.

Ата-аналар, педагогтер және құқық қорғау органдарының мұндай бірлескен жұмысы жасөспірімдердің саналы, қауіпсіз әрі жауапты тұлға болып өсуіне зор үлес қосады.

ҚАРАҒАНДЫ



Жаңалық
әрқашан жаныңызда!

https://ortalyq.kz/



Электрондық
пошта:
ortalyk.kaz
@mail.ru



Жерлестер құрмет құшағында

Токио төрінде он күннен аса уақытқа созылған XXV жазғы Сурдлимпиада ойындары да тарих қойнауына енді. Ал, сол уақыттары отандастарымыздың сыйлаған керемет эмоциясы күні бүгінге дейін тарқаған жоқ. Жер жаһанның мықтылары жиналған аламанда қазақ спортшылары керемет өнер көрсетіп, тарихи нәтиже тіркеген болатын. Солардың қатарында қарағандылық спортшылар да ел қоржынына екі алтын және үш қола медаль салып, қуанышымызды еселей түсті. Өткен аптада қарағандылықтар жеңіс тұғырынан көрінген жерлестерімізді Қарағанды вокзалынан күтіп алып, құрмет көрсетті.



Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Спортшыларға көрсетілген құрметтің жөні бөлек болды. Қарсы алуға жиналған жанкүйерлердің қарасы қалың. Әрқайсысының жүзінде қуаныш, кеудесінде мақтаныш. Ән де шырқалды, жүрекжарды тілектер де айтылды. Себебі, бұл спортшылар дәл осы қошеметке әбден лайық еді. Биыл Қазақстан құрамасы Сурдлимпиада төрінде айтарлықтай серпіліс жасады. Жалпыкомандалық есепте сегіз алтын, төрт күміс және 13 қола медаль олжалап, 81 елдің

ішінде ІХ орыннан көрінді. Бұл – біз үшін үлкен жетістік. Себебі, осыдан төрт жыл бұрынғы Бразилияның Кашиа-ду-Сул қаласында өткен Сурдлимпиада ойындарында ұлттық құрамамыз ХІІІ орынмен шектелген болатын. Есту қабілеті нашар спортшылардың басты додасында таэквондошыларымыз үш қола медальді жеңіп алды. Атап айтсақ, Аян Әбдіраш, Айжамол Абдикатова және Аида Макатова жанкешті өнер көрсетіп, жеңісті қолдан берген жоқ. Аян Әбдіраштың Сурдлимпиада ойындарына үшінші мәрте қатысуы. Алғашқы бәсекесінде ал-

тын медаль жеңіп алса, екіншісінде қола жүлдеге қол жеткізген. Биыл 58 келі салмақ дәрежесінде бақ сынап, тағы бір мәрте қола жүлдеге қол жеткізді. Жерлесіміз жұбаныш белдесуінде түрік спортшысы Мухаммед Бурақты 2:1 есебімен тізе бүктірген болатын. 57 келі салмақ дәрежесінде сынға түскен Айжамол Абдикатова қола медаль үшін бәсекеде венесуэлалық спортшы Ортего Селседоны 2:0 есебімен айқын басымдықпен жеңіп, Сурдлимпиаданың қола жүлдегері атанды. Жалпы, сурдоспорттағы жас таэквондошымыз – Қазақстан-



ның еңбек сіңірген спорт шебері. Бразилияда өткен Сурдлимпиада ойындарында да қола медаль иеленіп, ел намысын абыроймен қорғаған еді. Ал, биылғы Токио төріндегі тартыста алтын жүлдеге бір қадам ғана жетпей қалды.

67 келі салмақ дәрежесінде сынға түскен Аида Макатова – жарыстың соңғы күнінде ел қоржынына жүлде салған спортшының бірі. Алғашқы жекпе-жекінде өзбекстандық қарсыласына 0:2 есебімен жеңіліп қалған болатын Алайда, жұбаныш кездесуінде ирандық Иари Шабнамды 2:1 есебімен айқын басымдықпен жеңді. Осылайша, Аида Сурдлимпиаданың қола медалін еншілеп, Қазақстан құрамасының қоржынына тағы бір жүлде қосқан болатын.

Биылғы Сурдлимпиадада Қазақстан құрамасы үшін ең нәтижелі спорт түрі сурдо дзюдо болды. Бұл сында отандастарымыз 5 алтын, 2 күміс және 4 қола медаль жеңіп алып, барлығы 11 жүлдеге қол жеткізді. Солардың қатарында теміртаулық дзюдошы Еркебұлан Канафин де бар. 81 келіде белдескен жерлесіміз финалда мажар дзюдошысы Патрик Отвоштан басым түсіп, екі түркін Сурдлимпиада ойындарының чемпионы атанды.

Күтіп алушылар жеңімпаздармен естелік суретке түсіп, шатшадырман көңіл күймен таркасты.

Сурет дене шынықтыру және спорт басқармасынан

• ТҰЛПАР МІНІП, ТУ АЛҒАН!

Отаншылдықтың бастауы – батырлар жыры

Қазақ әдебиетінің бастау бұлағы саналатын «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр», «Ер Тарғын», «Қамбар батыр» сияқты эпостық жырлар ежелден халқымыздың қанына сіңген, жаугершілік замандарда жұртымыздың жігерін жанып, рухын көтерген жасампаздық үлгісі болып табылады.



Ермек БАЛТАШҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазір байтақ елімізде өтіп жатқан «Тұлпар мініп, ту алған» байқауының мақсаты – өскелең ұрпақты халқымыздың рухани асыл мұрасымен сусындатып, елдік пен ерлікке, батырлық пен байыптылыққа баулу, отаншылдық рухта тәрбиелеу. Қарқаралыда өткен байқауға төмендегі адамдар қазылық жасады: Сейітжанұлы Омаров – жоба жетекшісі, журналист, қоғам белсендісі, қазылар алқасының төрағасы; мүшелері: Мұхаметқали Ілиясұлы Әбдуов – филология ғылымдарының докторы, «Bolashaq» академиясының профессоры; Сайлау Әлиұлы – аудандық Қоғамдық кеңестің төрағасы; Құрманғазы Өтебай – «Қарқаралы» газетінің бас редакторы; Қайрат Жолжақсыұлы – аудандық білім бөлімі әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

Жалпы аудан бойынша сайысқа 460 оқушы тіркеліп, «Бөгенбай батыр» дастанын жатқа білетін 100-ге жуық жасөспірім іс-сараға қатысты. Өр рухты жас дарындар «Бөгенбай батыр» дастанын жатқа оқығанда көрермендер қол соғып, бойларындағы ұлттық сана мен рух қайта жаңғырғандай әсер қалдырды. Байқаудың аудандық кезеңінде үш оқушы жүлдегер атан-

ды: І орын (150 000 теңге) – Ая Тұрсын, Бесоба ауылынан, 8-сынып оқушысы. Ұстазы – Айдын Әшірбеков; ІІ орын (100 000 теңге) – Ақпәйіл Рымбай, Қарағайлы кентінен, №17 мектептің 8-сынып оқушысы. Ұстазы – Саягүл Досжанова; ІІІ орын (70 000 теңге) – Айғаным Ахметхан, «Жаңаөтаған» ауылынан, №14 мектептің 7-сынып оқушысы. Ұстазы – Жаңагүл Оралбек. Жүлдегерлер облыстық сайысқа жолдама алды.

Аталған жобаны қолдау аясында облыс әкімдігі, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы және Қазтұтынуодағының Қарағанды экономикалық университеті өзара ынтымақтастық негізінде «Тұлпар мініп, ту алған» байқауының облыстық кезеңінде жеңімпаз атанған жасөспірімге білім беру грантын және 1 миллион теңге мөлшерінде сертификат, ал ұстазына автокөлік табыс етпекші. Бұндай сайыстар өскелең ұрпақтың ой-өрісін кеңейтіп, интеллектуалдық әлеуетін арттыруға бағытталған маңызды қадамдар.

СҮРЕТТЕ: Қарқаралыда өткен «Тұлпар мініп, ту алған» байқауынан көріністер.

• ФУТЗАЛ

«Тұлпар» тұралай берді

Қарағандылық «Тұлпар» футбол клубының жағдайы мәз емес. Бұған дейін қатарынан алты ойын жеңілген жерлестер, бұл жолы «Ақтобеде» де айласын асыра алмады. Өкінішке қарай, өз алаңындағы ойында 0:5 және 3:4 есебімен сан соқты. Осылайша, сегіз ойын қатарынан жеңілген жерлестер, турнирдің плей-офф кезеңіне жолдама берілетін сегіз команданың қатарынан түсті.

Жерлестер үшін алғашқы кездесу аса ауыр өтті. Шабуыл мүмкіндіктері жиі туғанымен, соққылар қақпаға дәл бағытталмады. Ал, қарсыластар керісінше, өз сәтін тиімді пайдаланып, ойын тіз-

гінін қолға алды. Өкінішке қарай, «Тұлпар» қарсыластың қарқынды шабуылына төтеп бере алмай бірінші айналымда 0:2, екіншісінде 0:3 есебімен жеңілді.

Қарымта кездесуде алаң иелері

ойынның қарқынын өз қолына алды. Соған қарамастан, бірінші айналымда тағы да 0:2 есебімен жеңіліп қалды. Екінші айналымда қарсыластар бір гол қосып, есепті 0:3-ке жеткізген болатын. Алайда, «Тұлпар» ойыншылары мінез көрсетіп, таразы басын теңестіріп кетті. Бұл кездесуде Бекежан Апсаламов, Әділет Дүйсембі және Владислав Черномордов көзге түскен болатын. Өкінішке қарай, матчтың соңына таман қарсыластар тағы бір шешуші гол

тіркеп, жеңісті өз пайдасына алып кетті.

Қазіргі таңда жерлестердің қоржынында бар болғаны 19 ұпай. Ал, біздікілерден бір саты жоғары – елордалықтар, 20 ұпаймен. Бізден төмен тұрған – оралдық «Бәйтерек» клубы. Бірақ, олардың әлі ойналмаған екі ойыны бар. Егер, оралдықтар сол екі ойынның бірінде жеңер болса, «Тұлпар» тағы бір саты төмен сырғиды.

Өз тілшімізден

• ЖЕКПЕ-ЖЕК

Шын мықтылар бәсекесі

Жастар мен ересектер арасында жекпе-жекпен қалалық турнир өтті. Оған 200-ден астам спортшы қатысып, 18 салмақ дәрежесінде күш сынасты. Турнирдің ашылу салтанатына Халықаралық жекпе-жек федерациясының Бас хатшысы Ернұр Әлімбетов арнайы қатысып, қатысушыларға жылы лебізін білдірді. Сондай-ақ, Қарағанды қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене тәрбиесі және спорт бөлімінің басшысы Берік Досымбеков те спортшыларға ақжарма тілегін жолдады.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Өңірде жекпе-жек дамып келеді. Әсіресе, өскелең ұрпақтың қызығушылығы ерекше. Биыл бәсеке төртінші мәрте ұйымдастырылып отыр. Оған 200-ден астам спортшы қатысса, оның 100-ге жуық жауынгері Қарағандының тоғыз мектебінен екен. Жалпы, қатысушылар 16-17 және 18-23 жас санатында бақ сынап, өзара кіл мықтыны анықтады.

– Жекпе-жек – біздің төл әскери өнеріміз. Негізі, бұл турнир қалалық ретінде ұйымдастырылғанымен, қатысушылар республика деңгейінде. Солтүстік Қазақстан

облысы, Ақтөбе, Петропавл, Астана қалаларынан да спортшылар келді. Биылғы турнирге қатысушылардың саны былтырғыдан әлдеқайда көп. Спортшылардың шеберлігі де айтарлықтай өскен. Алдағы уақытта түрлі облыстық және республикалық турнирлер ғана емес, әлем кубогі мен әлем чемпионаты күтіп тұр. Бүгінгі күні жекпе-жек спортын түркі ойындарына да кіргізуге дайындық жүріп жатыр. Ал, бұл дегеніңіз жас буынды тәрбиелеудегі үлкен қадамның бірі – деді облыстық ұлттық спорт жекпе-жек федерациясының президенті Әділет Нұрмадиев.

16-17 жас санында 51 келі салмақта өнер көрсеткен Айдос Имам-



медиев Қарағандыдағы жекпе-жек спорт клубының тәрбиеленушісі. Өзі бұл турнирде үш кездесу өткізіпті. Алғашқы екі қарсыласы қарағандылықтар болса, ақтық кезеңде ақтөбелік спортшымен күш

сынасқан. Финалдық кездесуді мерзімінен бұрын аяқтап, жеңіс тұғырынан көрінді. Бұдан бөлек, 16 жастағы спортшы талай турнирлерден жүлдесіз қайтпаған. Атап айтсақ, ел чемпионатының үш дүркін

қола жүлдегері. Өрі жекпе-жекпен спорт шеберлігіне үміткер. Күні кеше ғана республикалық Sayarqa Open турнирінде өнер көрсетіп, қарсылас шақ келтірмеген.

– Дәл осы спорт түрімен шұғылданып жүргеніме алты жылдан асты. Бала кезімнен осы спорт түріне қызығатынымын. Сол қызығушылығым мені үлкен спортқа алып келді. Бұл чемпионаттағы басты қарсыласым – «Абадан» спорт клубының өкілі еді. Төрт жыл бұрын сол спортшыдан жеңіліп қалған болатынымын. Осы жолы қайта кездесіп, есемді қайтардым. Алда әлі де турнирлер бар. Енді жаттықтырушымен республикалық турнирге дайындалатын боламыз, – деді Айдос Бердібайұлы.

Доскей Team мектебінен осы турнирге екі спортшы қатысыпты. Жастар санатында бақ сынаған Нұрасыл Құдайберген ақтық бәсекеде сүрініп, күміс медальмен марапатталды. Ал, ересектер арасында сынға түскен Руслан Бекешов 57 келі салмақ дәрежесінде

чемпион атанды. Бұл салмақта қатысушылар саны аса көп емес. Десе де, сайдың тасындай іріктеліп, кіл мықтылары келіпті.

– Бұл спортпен 10 жасымнан бері айналысамын. Осы уақыт ішінде кикбокс, ММА және қоянқолтық ұрыстан турнирлерге қатысып, тәжірибе жинадым. Соңғы рет қоянқолтық ұрыстан ересектер арасында өз салмағымда чемпион атандым. Ал, осы турнирдегі қарсыласым да осал емес. Өзі бойшаң. Жаттықтырушым шабуыл кезінде сәк болуды ескертті. Жаттықтырушының кеңесін ұстана отырып, кездесуді мерзімінен бұрын аяқтадым. Республика жолдамасы енді қоржында. Алдағы уақытта сол турнирге дайындықты бастаймыз, – деді жауынгер.

Турнир қорытындысы бойынша жалпыкомандалық есепте облыс құрамасы топ жарды. Одан кейінгі сатыға ақтөбеліктер тұрақтаса, үздік үштікті Нұра спортшылары түйіндеді.

Сурет ұйымдастырушылардан